

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі N 339-IV Заңымен.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы

МАЗМҰНЫ

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010.07.15 N 339-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 111-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. Актінің нысаны және тақырыбы өзгерді, кіріспе алып тасталды, мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - XV" деген цифрлар тиісінше "1 - 15" деген цифрлармен ауыстырылды, "Жарлықты", "Жарлықта", "Жарлықпен", "Жарлық", "Жарлықтың" деген сөздер тиісінше "Заңды", "Заңда", "Заңмен", "Заң", "Заңның" деген сөздермен ауыстырылсын; "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органдар", "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органның", "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші орган", "әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органға" деген сөздер тиісінше "аэронавигациялық ұйымдар", "аэронавигациялық ұйымның", "аэронавигациялық ұйым", "аэронавигациялық ұйымға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Авариялық-құтқару жұмыстары - ол жапа шеккендерге дер кезінде көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешені.

Авиакомпания - азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының қолданыстағы сертификаты бар заңды тұлға.

Авиация қауіпсіздігі - ол авиация қызметіне заңсыз қол сұғу актілерінің алдын алу және оларды болдырмау арқылы қамтамасыз етілетін авиацияның қалыпты және қауіпсіз қызметі.

Авиация қызметіне заңсыз қол сұғу - авиацияның қалыпты және қауіпсіз қызметіне қол сұғу арқылы адамдардың бақытсыз жағдайға ұшырауына,

материалдық зиян шегуге, әуе кемесінің күшпен басып алынуына немесе қуылып кетуіне әкеп соқтыратын немесе осындай зардаптардың туындау қаупін төндіретін құқыққа қарсы әрекет немесе әрекетсіздік.

Авиациялық жұмыстар - жеке шаруашылық салаларындағы (ауыл шаруашылығындағы, құрылыстағы, экспедициялар мен тағы басқаларға қызмет көрсетудегі) тапсырыс берушілердің технологиялық және өндірістік процестерін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын, санитарлық және табиғатты қорғау іс-шараларын жүргізу, халыққа медициналық көмек көрсету, табиғи зілзала, авариялар мен апаттар зардаптарын жою үшін авиация құралдарымен атқарылатын мамандандырылған операциялар.

Авиациялық оқиға - әуе кемесі ұшуды орындау мақсатында пайдаланылған кезде осы әуе кемесінің, оның экипажының, басқа авиация қызметшілерінің қалыпты қызмет атқару жағдайының бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған және адамдардың қаза табуына, елеулі зақымдарға, әуе кемесінің қирауына немесе мүлдем істен шығуына әкеп соқтыратын оқиға.

Авиациялық тосын оқиға - ұшуды орындау мақсатында әуе кемесі пайдаланылған кезде осы әуе кемесінің, оның экипажының, басқа авиация қызметкерлерінің қалыпты қызмет атқаруының бұзылуына байланысты немесе сыртқы жағдайлардың әсеріне байланысты туындаған, бірақ авиациялық уақиғаға әкеп соқтыра қоймаған оқиға.

Авиация сала ретінде - ол қызметі әуе кемелерінің көмегімен адамға жағдай жасауға және оның әуе кеңістігін пайдалануына бағытталған ұйымдардың барлық түрі.

Қазақстан Республикасының авиациясы эксперименттік, мемлекеттік және азаматтық авиация болып бөлінеді.

Азаматтық авиация - эксперименттік авиация мен мемлекеттік авиация құрамына кірмейтін және мынадай мақсаттарда:

а) жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктер мен почтаны тасымалдауда (әуе тасымалдары);

б) авиациялық жұмыстарды орындауда;

в) оқытып-үйрету, спорттық, мәдени-ағарту іс-шараларын жүргізуде, техникалық шығармашылықты дамытуда;

г) әуе кемесін пайдаланушының жеке қажеттерін қанағаттандыруда;

д) іздестіру-құтқару және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуде, табиғи зілзала болған жағдайларда жәрдем көрсетуде пайдаланылатын авиация.

Көрсетілген мақсаттарда ақы алу немесе жалдау бойынша пайдаланылатын азаматтық авиация коммерциялық авиация деп танылады.

Жеке және заңды тұлғалардың меншігінде болатын әрі көрсетілген мақсаттарда ақысыз және жалдаусыз пайдаланылатын азаматтық авиация жалпы мақсаттағы авиация деп танылады.

Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты - азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларды сертификаттау ережелерінде белгіленген талаптарға пайдаланушының сәйкестігін куәландыратын, уәкілетті орган берген құжат.

Апатқа ұшыраған әуе кемесі - ұшып көтерілген, қонған немесе құлаған кезде қатты зақымдалған, немесе толық қираған әуе кемесі, сондай-ақ амалсыздан аэродромнан тысқары жерге қонған әуе кемесі.

Аса жеңіл авиация - ең үлкен массасы екі мың жеті жүз килограмнан аспайтын аса жеңіл ұшу аппараттарын, спорттық мақсаттағы және әуесқойлық конструкциядағы басқа да әуе кемелерін, аэростаттық аппараттар мен көмекші құрылғыларды пайдаланатын азаматтық авиация.

Аэродром - әуе кемелерінің ұшып-көтерілуін, қонуын, рульдеуін, аялдауын және оларға қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленіп, жабдықталған жер немесе су учаскесі.

Аэродром жарамдылығының сертификаты - аэродромдарды пайдалану жарамдылығының нормаларына аэродромның сәйкестігін куәландыратын, уәкілетті орган берген құжат.

Аэронавигациялық ұйым - әуе қозғалысына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, аэронавигациялық және метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін ұйым.

Әуежай - әуе кемелерін қабылдау мен жөнелтуге, әуе тасымалдарына қызмет көрсетуге арналған және осы мақсаттар үшін аэродромы, аэровокзалы, басқадай ғимараттары, сондай-ақ қажетті жабдықтары бар құрылыстар кешені.

Әуежайдың бақыланатын аумағы - әуежайдың, аэродромның ұшуды аэронавигациялық қамтамасыз ету объектілерінің жұмыс алаңы және кіруді авиациялық қауіпсіздік қызметі бақылайтын жанасып жатқан аумақ, қызметтік ғимараттар, құрылыстар, қоймалар.

Әуежай қызметі - жеке және заңды тұлғалар әуе тасымалдарын, әуежайларда авиациялық қауіпсіздік пен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жүзеге асыратын қызмет.

Әуе жолы - әуе кемелерінің ұшуына арналған және әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғылармен бақыланатын дәліз түріндегі әуе кеңістігі.

Әуе кемесі - жер (су) бетінен шағылысқан ауамен өзара әрекеттесуден өзгеше ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын ұшу аппараты.

Әуе кемесімен жалданушы (фрахтовщик) - бір сапарда немесе бірнеше сапарда жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді, почтаны тасымалдау және басқа мақсаттар үшін бір немесе бірнеше әуе кемесінің толық сыйымдылығын немесе сыйымдылығының бір бөлігін ақысын алып екінші жаққа (әуе кемесін жалдаушыға) беретін әуе тасымалдаушысы.

Әуе кемесін жалдаушы (фрахтователь) - бір немесе бірнеше сапарда жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді, почтаны тасымалдау немесе басқа мақсат үшін бір немесе бірнеше әуе кемесінің толық сыйымдылығын немесе сыйымдылығының бір бөлігін ақысын алып жалға беруге әуе тасымалдаушысымен тиісті шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға.

Әуе кемесінің ұшуы - ұшып көтерілу алдындағы зымыраудан (тік көтерілген кезде - жер немесе су бетінен ажыраудан) бастап зымырауының соңына (ұшып-қону алаңын аялдаусыз босатуына) дейінгі немесе тік қонған кезде жер (су) бетіне табан тірегенге дейінгі жер (су) бетімен және әуе кеңістігінде әуе кемесінің қозғалып жүруі.

Әуе навигациясы - бағдарламалық траектория бойынша әуе кемесін ұшыру туралы қолданбалы ғылым.

Әуе тасымалдаушысы - көлік құралдарын иеленуге меншік құқығы немесе өзге де заңды негіздері бар, ақысы төленетін немесе жалдау бойынша жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді және почтаны тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін әрі осыған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты бар жеке немесе заңды тұлға.

Біртұтас авиациялық іздестіру-құтқару қызметі (БАІҚҚ) - иелігінде әуе кемелері бар министрліктердің, ведомстволар мен авиакомпаниялардың авиациялық іздестіру және құтқару қызметтері, авиациялық-құтқару және парашюттік қызметтері.

Жолаушы - тасымалдаушымен жасалған шартқа сәйкес әуе көлігін пайдаланатын кез келген тұлға.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі - Қазақстан Республикасының құрлықтық және сулы аумағының, оның ішінде аумақтық суларының үстіндегі әуе кеңістігі.

Қатер төнген әуе кемесі - өзіне немесе оның бортындағы адамдарға тікелей қауіп төнген не онымен радиобайланысы үзілген және тұрған жері беймәлім әуе кемесі.

Мемлекеттік авиация - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарамағындағы, сондай-ақ Үкіметтің шешімі бойынша басқа да мемлекеттік органдарының қарамағында болатын авиация.

Навигациялық жүйелер - жұмыс істеу принциптері әр алуан бірнеше борттық құрылғылардың, сондай-ақ борттағы және жердегі жабдықтарды бірлесе пайдалануға негізделген құралдардың жиынтығы болып табылатын навигациялық құралдар.

Навигациялық құралдар - ұшақты ұшыру мақсатында қажетті ақпарат алып отыруға мүмкіндік беретін арнайы техникалық құрылғылар.

Пайдаланушы - әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өзінің қызметін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға.

Тексеру жүргізу - авиациялық оқиғаларды болдырмау мақсатында оқиға себебін анықтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, ақпарат жинау мен талдауды, қорытындылар әзірлеуді қамтитын процесс.

Уәкілетті орган - өз құзыреті шегінде азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік саясатты, азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, үйлестіру мен реттеуді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы.

Ұшу жарамдылығының нормалары - әуе кемелерінің конструкциясына, параметрлері мен ұшу сапасына және олардың ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған компоненттеріне қойылатын талаптар.

Ұшу жарамдылығының сертификаты - уәкілетті орган үлгі сертификаты негізінде берген, азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат.

Үлгі сертификаты - әуе кемесінің, авиациялық двигатель үлгісінің және жаңа үлгідегі әуе винтінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін растайтын, уәкілетті орган берген құжат.

Халықаралық әуежай - ішінде кедендік, шекаралық және санитарлық-карантиндік бақылаулар ұйымдастырылып, халықаралық әуе тасымалдарын қамтамасыз ететін әуежай.

Халықаралық әуе тасымалы - тасымалдау жұмысын атқарған кезде, тасымалдауда немесе қайта тиеуде үзілістің болған-болмағандығына қарамастан, жөнелтілу пункті мен бару пункті:

- а) екі немесе одан да көп мемлекет аумағында орналасқан;
- б) егер екінші мемлекет аумағында аялдау көзделсе, бір мемлекет аумағында орналасқан әуе тасымалы.

Халықаралық ұшу - әуе кемесі шет ел мемлекеті шекарасын кесіп өту кезіндегі әуе кемесінің ұшуы.

Чартерлік шарт - әуе кемесімен жалданушы және әуе кемесін жалдаушы арасында жасалатын әуе кемесін жалдау шарты.

Эксперименттік авиация - авиация және басқа техника саласында тәжірибелік-конструкторлық, эксперименттік, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен сынақтарын жүргізуге арналған авиация.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209, өзгерту енгізілді - 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Әуе кеңістігіне егемендік

Республиканың құрлықтағы және су аумағының үстіндегі және оның аумақтық сулары үстіндегі әуе кеңістігі Қазақстан Республикасының толығымен және тек қана өзінің егемендігіне жатады. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі мемлекет меншігінде болады және оның мемлекеттік аумағының бір бөлігі болып табылады.

3-бап. Авиация құралдарына меншік және кәсіпкерлік қызмет

Әуе кемелері, аэродромдар, әуежайлар техникалық құралдар және әуе кемелерінің ұшуын ұйымдастыру, орындау мен қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да мүлік жеке меншікте немесе мемлекеттік меншікте бола алады және олар еркін кәсіпкерлік қызметте, авиациялық-көлік қызметі нарығын қалыптастыруда пайдаланылуы мүмкін.

Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғыларды, телекоммуникациялық желілері, инженерлік желілері мемлекет меншігі болып табылады.

4-бап. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен авиация қызметін реттейтін заңдар

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен авиация қызметі осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық конвенциялармен және шарттармен реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

5-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

Осы Заң адам өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, мемлекет мүддесін қорғау, әуе кемелерінің ұшырылу қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әуе тасымалы мен авиация қызметінің көрсетілуіне деген Қазақстан Республикасы экономикасының және азаматтардың қажеттерін қанағаттандыру мақсатында әуе кеңістігін пайдалану мен авиация қызметінің тәртібін белгілейді.

Осы Заң:

Қазақстан Республикасының шегінде бүкіл азаматтық авиацияға;

егер әуе кемесі келген елдің заңдары өзгеше талап етпесе, Қазақстан Республикасы шегінен тысқары болған уақытта Қазақстан Республикасының барлық азаматтық әуе кемелеріне қолданылады.

Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу мәселелері Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын мемлекеттік реттеу туралы заңдарда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заңмен реттеледі.

Осы Заңның 1-21, 26-29, 33, 34, 36, 38, 40-52, 55-68, 80-84, 86-88, 94, 100, 101-баптары Қазақстан Республикасының бүкіл авиациясына және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушыларға қолданылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.

2 тарау. Қазақстан Республикасының авиация қызметі және әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау

6-бап. Авиация қызметі саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау

Азаматтық және эксперименттік авиация қызметіне мемлекеттік басқару мен бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік авиация қызметі саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылауды өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

Азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

Уәкілетті орган "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2001.12.15 N 272, 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

7-бап. Әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау

Әуе кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады, ол өз құзыреті шегінде азаматтық авиация

саласындағы қызметті жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті азаматтық авиация саласындағы ережелерді, нұсқауларды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді шығарады, олардың орындалуын бақылайды, мемлекеттік органдармен бірлесіп, олардың құзыретіне сәйкес авиациялық іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің өзара іс-қимылын аталған мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған Ведомствоаралық комиссия жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

3 тарау. Әуе кеңістігін пайдалануды ұйымдастыру

8-бап. Әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызмет

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметке мыналар:

- а) әуе кемелерінің және басқа ұшу аппараттарының ұшуы;
- б) атыстар мен ракеталар жіберудің барлық түрлері, жарылыс жұмыстары және материалдық объектілердің әуе кеңістігінде орнын ауыстырумен байланысты өзге де қызмет жатады.

Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа мемлекеттердің жоғарыда аталған қызметті жүзеге асырушы барлық заңды және жеке тұлғалары әуе кеңістігін пайдаланушылар болып табылады.

9-бап. Әуе кеңістігінің құрылымы

Әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыру үшін әуе кеңістігінде өзін тұтас алғанда Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінің құрылымын құрайтын әуе қозғалысына қызмет көрсету аудандары, аэродромдар мен аэротораптар аудандары, әуе трассалары, әуе кемелері ұшуының маршруттары мен арнайы аймақтары, тыйым салынған аймақтар мен шектеу аймақтары, полигондар аудандары, жарылыс жұмыстарының аудандары белгіленеді.

Әуе кеңістігінің құрылымы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережемен белгіленеді.

Әуе кеңістігінің құрылымын ұйымдастыру айналадағы ортаны қорғау жөнінде белгіленген нормаларды сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

10-бап. Әуе кеңістігінің жіктелуі

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі бақыланатын әуе кеңістігіне және бақыланбайтын әуе кеңістігіне бөлінеді.

Бақыланатын әуе кеңістігі деп радиолокациялық құралдармен бақыланатын кеңістік түсініледі, онда әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары тарапынан ұшуға тікелей басқару қамтамасыз етіледі.

Бақыланбайтын әуе кеңістігі деп радиолокациялық құралдармен бақыланбайтын кеңістік түсініледі.

Әуе кеңістігі құрылымының бақыланатын және бақыланбайтын болып бөлінуі Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережемен белгіленеді.

11-бап. Әуе қозғалысына қызмет көрсету

Бақыланатын әуе кеңістігінде әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерлік және ұшу-ақпараттық болуы мүмкін.

Бақыланбайтын әуе кеңістігінде әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерлік, ұшу-ақпараттық және консультациялық болуы мүмкін.

Бұдан басқа, авариялық жағдайлар туындаған кезде, әуе қозғалысына авариялық қызмет көрсетілуі ықтимал.

12-бап. Әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасуды жүргізу тілі

Қазақстан Республикасының аумағында әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары мен Қазақстан Республикасы әуе кемелерінің экипаждары арасындағы радиоалмасу мемлекеттік тілде және (немесе) орыс тілінде, ал шет мемлекеттер әуе кемелерінің экипаждарымен - орыс немесе ағылшын тілінде жүргізіледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

13-бап. Әуе кеңістігін пайдаланудағы басымдықтар

Әуе кеңістігінің бөлігін пайдалану құқығы оған мүдделі әуе кеңістігін пайдаланушылар саны екі немесе одан да көп болған кезде мынадай басымдықтарға сәйкес беріледі:

а) әуе шабуылын тойтару немесе болдырмау және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын, әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуды тоқтату, Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық тұтастығына және қоғамдық қауіпсіздігіне қарсы күш қолдануды немесе күш қолдану қатерін жою;

б) табиғи зілзала және өзге де зардаптар, апаттар, авариялар, адамдар өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін немесе елеулі материалдық зиян келтіру қаупін тудыратын авариялық және өзге де жағдайлар болған кезде көмек көрсету ;

в) ғарыштық аппараттар мен олардың экипаждарын ұшыру, қондыру, іздестіру және көшіру, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің

жоспарлы жаттығуларын өткізу; сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес жүзеге асырылатын әуе кемелерінің ұшулары немесе өзге қызмет;

г) Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын әуе кемелерінің ұшулары немесе өзге қызмет;

д) жолаушыларды, жүктерді және поштаны жүйелі тасымалдау;

е) Қазақстан Республикасының, сондай-ақ мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерге сәйкес басқа да мемлекеттердің мемлекеттік авиацияларының ұшулары;

ж) эксперименттік және ғылыми-зерттеулік жұмыстардың жүргізілуі;

з) жүйелі емес әуе тасымалдары, экономика мүддесіне қарай авиациялық және өзге де жұмыстарды орындау;

и) оқытып-үйрету, көрсету, мәдени-ағартушылық және өзге де шараларды жүргізу, сондай-ақ жалпы мақсаттағы авиацияның ұшуы;

к) <*>

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

14-бап. Әуе кеңістігін пайдалануға тыйым салу

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайларда, сондай-ақ осы Заңның 13-бабының "а" және "б" тармақтарында көзделген жағдайларда, осы Заңның 8-бабындағы 1-бөлігінің "а" тармағында аталған қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін немесе оның жеке аудандарын пайдалануға уәкілетті орган тарапынан тыйым салынуы мүмкін.

Тыйым салу тәртібі Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережемен белгіленеді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

15-бап. Әуе кеңістігін пайдалану үшін байланысты ұйымдастыру

Әуе кеңістігін пайдаланушылар аэронавигациялық ұйыммен тұрақты байланыста болуға міндетті.

Байланыс кәсіпорындары әуе кеңістігін пайдаланушыларға қажет байланыс арналарын жалға беріп отырады. Берілген байланыс арналары істен шыққан кезде олар белгіленген тәртіппен басқа байланыс арналарымен ауыстырылуға тиіс.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету үшін жалпы пайдаланымдағы байланыс құралдарының пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

16-бап. Әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзу

Осы Заңның және онымен сәйкестендіріліп жасалған басқа да нормативтік құқықтық актілердің ережелерінен ауытқи отырып жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты қызмет Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзған болып танылады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуға:

1) сұранымсыз жүзеге асырылатын (кестеден тыс немесе тұрақты емес ұшуларды рұқсатсыз орындау) және әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін осы Заңның 8-бабында көрсетілген қызмет;

2) әуе кемесінің конструкциясында радиолокациялық тану аппаратурасын қондыру көзделмеген әуе кемелерін қоспағанда, мемлекеттік радиолокациялық тану жүйесі бойынша сұранымға сай келмейтін әуе кемесінің ұшуы;

3) сұранымда көрсетілген саннан артатын әуе кемелері тобының ұшуы;

4) әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген әуе кеңістігін пайдалану режимдерін сақтамауы;

5) әуе кемесінің Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің арнаулы рұқсатынсыз тыйым салынған аймақ және шектелген аймақ аумағының үстінен ұшып өтуі;

6) мәжбүрлі конудан басқа жағдайларда әуе кемелерінің жоспарланбаған (мәлімденбеген) аэродромға қонуы;

7) ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, әуе кемелерінің тігінен, көлденең, қапталдан эшелондауын сақтамауы, әуе жолдарынан, жергілікті әуе желісінен және маршрут осінен белгіленген нормадан артық қашықтыққа ауытқуы жатады.

Әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуына бақылау жасайтын уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі өз құзыретіне сәйкес әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын тоқтату немесе жолын кесу үшін барлық мүмкін болған шараларды қолдануға міндетті.

Әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуға жол берген әуе кеңістігін пайдаланушылар аталған органдардың талап етуі бойынша өз есебінен және өз күштерімен аталған жолсыздықты тоқтатуға немесе ондай қызметтің жүргізілуін тоқтатуға міндетті.

Әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

17-бап. Тәртіп бұзушы әуе кемесі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын бұзған немесе республика әуе кеңістігін пайдалану тәртібін өзгеше бұзуға жол берген әуе кемесі тәртіп бұзушы деп танылады және егер уәкілетті органның және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің талабына бағынбаса, еріксіз қондырылуы мүмкін.

Қону туралы нұсқау алған тәртіп бұзушы әуе кемесі өзіне көрсетілген жерге дереу қонуға тиіс.

Тәртіп бұзушы әуе кемесінде әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуына қатысы жоқ жолаушылар немесе өзге бар екендігі туралы шынайы ақпарат болған жағдайда мемлекет ұшып келе жатқан азаматтық әуе кемесіне қарсы қару қолданудан тартынады.

Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне, стратегиялық маңызды объектілерге, оның аумағындағы азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қатерді болғызбау үшін, тәртіп бұзушы әуе кемесін жоюға дейін баратын барлық шараларды қолданады.

Стратегиялық маңызды объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне ұшып көтерілу шарттары сақталмаған кезде және әуе кеңістігін пайдалану тәртібі басқаша бұзылған жағдайда тәртіп бұзушы әуе кемесі қондырылған аэродромда ұсталып қалуы мүмкін.

Тәртіп бұзушы әуе кемесінің одан әрі ұшуына тексеруден кейін Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережеде белгіленген тәртіппен рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережеге сәйкес әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің әрбір бұзылуы тексерілуге жатады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

18-бап. Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіру мүмкін қызмет

Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін қызметке аэродром жанындағы аумақта және әуе трассаларының шегіндегі жерлерде орналасқан объектілердің, электр беру желілерінің, басқадай бөгеттердің құрылысы, әуе кеңістігінде электромагниттік, жарықтық, акустикалық, корпускулярлық және өзге де сәулеленулер шығаратын жұмыстар; құстардың топтасып жиналуына немесе ұшу көрінісінің нашарлауына әкеп соғатын объектілерді орналастыру, сондай-ақ әуе кеңістігінде материалдық объектілердің ауысуына тікелей байланысты емес,

бірақ әуе кемелерінің, олардың жабдықтарының және ішінде отырған адамдардың қауіпсіздігіне әсерін тигізетін кез келген басқа қызмет жатады.

Бұл қызмет Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алынатын рұқсатпен ғана жүзеге асырыла алады.

Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіріп, қызметті жүзеге асыру ережелерін бұзуға жол берген заңды және жеке тұлғалар осы жолсыздықтарды өз есебінен және өз күштерімен жоюға, ал оларды жойғанға дейін ондай қызметтің жүзеге асырылуын тоқтатуға міндетті.

Ұшу қауіпсіздігіне ықтимал қатер төндіретін қызмет атқарылып жатқан ауданға әуе кемелерінің абайсызда ұшып кіру жағдайларын болғызбау үшін, сондай қызметті жүргізіп жатқан ұйымдар, заңды және жеке тұлғалар аталған қызметке рұқсат алғаннан кейін сол қызметтің жүргізілуі туралы уәкілетті органға хабар беруге міндетті.

Осындай қызметтің жүргізілуіне бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

19-бап. Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін объектілерді таңбалау

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үйлер мен ғимараттардың иелері нормативтік талаптарға сәйкес өз есебінен осы объектілерге түнде және күндіз көрінетін таңбалық белгілер мен құрылғылар орнатуға міндетті.

Аэродромдарды айыра тану мақсатында қабылданған таңбалық белгілер мен құрылғыларға ұқсайтын қайсыбір белгілер мен құрылғыларды аэродром маңайында орнатуға жол берілмейді.

Аэродром маңындағы объектілерге таңба салуға бақылау жасау уәкілетті органға жүктеледі.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

20-бап. Әуе трассаларын пайдалануға қосу

Әуе трассалары әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қанағаттандыратыны және Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының (ИКАО) стандарттарының талаптарына сәйкес екендігі белгілі болғанда ғана оларды пайдалануға жол беріледі.

Әуе трассаларының пайдалануға қосылуы Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

4 тарау. Әуе кемелері

21-бап. Әуе кемелерінің жіктелуі

Авиация түрлеріне тиесілігіне қарай әуе кемелері азаматтық, мемлекеттік және эксперименттік болып бөлінеді. Азаматтық және эксперименттік әуе кемелері заңды және жеке тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін.

22-бап. Азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттау

Жаңа конструкциядағы (жаңа үлгідегі) азаматтық әуе кемесі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігі бойынша сертификатталуға тиіс және заводтық, мемлекеттік және пайдалану сынақтарынан өткеннен кейін оның үлгі сертификаты болуы керек.

Үлгі сертификатын уәкілетті орган береді.

Әуе кемесін жасап шығарушы үлгі сертификатының иесі болып табылады.

Әуе кемесінің бекітілген үлгі конструкциясы (үлгілік конструкциясы) өзгерген немесе оның ұшу жарамдылығына әсер ететін пайдалану-техникалық құжаттамасы өзгерген жағдайда, әуе кемесінің бұл үлгісі қосымша сертификаттаудан өтуі және үлгі сертификатына толықтыру алуы тиіс.

Азаматтық әуе кемелерін сертификаттау, сондай-ақ оларды жарамдылық нормаларына сәйкестігін бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін сертификаттау ережелері бойынша жүзеге асырылады.

Ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін кемістіктер айқындалған жағдайда үлгі сертификатты берген мемлекеттік орган оның күшін жоюы мүмкін немесе оның күші уақытша тоқтатылуы мүмкін.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

23-бап. Әрбір азаматтық әуе кемесінің үлгісін сертификаттау

Қазақстан Республикасында жасалып шығарылған әрбір азаматтық әуе кемесі оның конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін сертификаттау ережелерінде көзделген талаптарға сәйкес келуі бойынша сертификатталуға тиіс.

Әуе кемесі Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне тіркелгеннен кейін ондай әуе кемесінің иесі уәкілетті органнан борттық құжат ретінде оның ұшуға жарамдылығы туралы тиісті куәлік (сертификат) алуы тиіс.

Азаматтық әуе кемесінің данасына сертификаттау жүргізуді және сертификат беруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

24-бап. Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау

Аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау әуе кемелерін әзірлеушінің және тиісті федерациялар мен қауымдастықтардың қатысуымен уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ұшу жарамдылығын куәландыру мақсатында сертификат беру, сондай-ақ пайдалану барысында ұшу жарамдылығын қолдауды бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау ережелерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

25-бап. Шетелдік әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығының сертификатын тану

Әуе кемесінің ұшу жарамдылығына шетелдік мемлекет берген сертификат, оның берілуіне немесе күшіне енуіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы белгіленген стандарттарға сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган оны Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасында жарамды деп таниды.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

26-бап. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу

Азаматтық және мемлекеттік әуе кемелері міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жатады. Азаматтық әуе кемелерін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне тіркейді. Мемлекеттік әуе кемелерін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әуе кемелерінің тізіліміне тіркейді.

Тиісті тізілімге енгізілген әуе кемесінің иесіне мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беріледі.

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелеріне және олармен жасалатын мәмілелерге құқықты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын мемлекеттік реттеу туралы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өткізуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізудің тәртібін және Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға берілетін және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемелерінің тізілімін жүргізу ережелерін және тіркелгені туралы куәлік беру тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейді.

Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу аталған алымды бюджетке төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

Эксперименттік әуе кемелері Мемлекеттік тізілімге енгізілместен мемлекеттік көлік басқару органының есебінде тұрады.

Шетелдік әуе кемесі Қазақстан Республикасының тиісті тізіліміне тек қана тиісті шетел мемлекетінің әуе кемелерінің тізілімінен шығарылғаннан кейін енгізіледі.

Егер әуе кемесі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінен шығарылмаған болса, Қазақстан Республикасы әуе кемесінің кез келген шетел мемлекеті әуе кемелерінің тізіліміне енгізілуі танылмайды.

Кемеге немесе жасалып жатқан кемеге тіркелген құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) туралы мәліметтер жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың және онымен жасалатын мәмілелердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне (құқықтық кадастр) енгізілуге тиіс.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2001.12.24. N 276, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.07.26. N 311 Заңдарымен.

27-бап. Әуе кемелеріне салынатын белгілер

Тіркеу кезінде әуе кемелеріне мемлекеттік және тіркемелік, танылым белгілері беріледі де, олар осы әуе кемелерінің сыртына салынады.

Мемлекеттік және тіркемелік танылым белгілерінен басқа әуе кемелерінің сыртына қосымша белгілер де (рәміздер, қысқа жазбалар, эмблемалар) салынады.

Бұл белгілер мемлекеттік және тіркемелік танылым белгілерінің көзбен көргенде танылуын қиындатпайтындай етіліп әуе кемелерінің сыртына салынады.

Мемлекеттік және тіркемелік танылым белгілері мен қосымша белгілердің азаматтық және эксперименттік әуе кемелерінің сыртына салыну тәртібін уәкілетті орган, ал мемлекеттік әуе кемелеріне - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейді.

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

28-бап. Тізілімнен шығару

Әуе кемесі Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінен мынадай жағдайларда:

- а) әуе кемесі есептен шығарылса немесе пайдаланудан алынып тасталса;
- б) әуе кемесі белгіленген тәртіппен шетел мемлекетіне, шетелдік заңды немесе жеке тұлғаға сатылса немесе берілсе;
- в) әуе кемесі эксперименттік кемелер қатарына ауыстырылса;
- г) әуе кемелерін тіркеу ресімдерімен көзделген басқа жағдайларда шығарылады.

Әуе кемесі Қазақстан Республикасының тиісті тізілімінен шығарылған кезде әуе кемесін тіркеу туралы куәліктің және осы әуе кемесіне қатысты тиісті тізілімге жазылған барлық жазбалардың күші жойылады.

29-бап. Пайдалануға жол беру

Азаматтық әуе кемесін азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығының қолданылып жүрген нормаларына сәйкестігі анықталғанда және ұшуға жарамдылық сертификаты алынғанда ғана пайдалануға жол беріледі.

Азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығының нормаларын уәкілетті орган белгілейді. Ұшу жарамдылығының сертификатын беру ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуді (жөндеуді) техникалық қызмет көрсетудің сертификаттандырылған орталықтары ғана жүргізеді.

Әуе кемесін ұшуға жарамдылық нормаларының талаптарына сәйкес күйде күтіп ұстау пайдаланушыға жүктеледі.

Пайдаланушыға берілген ұшуға жарамдылық туралы сертификат талаптарын әуе кемесі күйінің сәйкес болуына бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік әуе кемелерін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген тәртіппен пайдалануға жол беріледі.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

30-бап. Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының сертификаты

Әуе кемесі пайдаланушының сертификаты Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына мемлекеттік уәкілетті орган береді. Бұл орайда сертификатталған меншікті немесе жалға алынған әуе кемелерінің, ұшу және техникалық қызмет орындарының (өздерінің немесе шарттық негізде пайдаланылатын), ұшу және техникалық жұмыстарды қамтамасыз ететін авиация қызметшілерінің, басқару құрамының және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құжаттардың болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес сақтандырудың жүзеге асырылуы мұндай сертификатты алудың міндетті шарттары болып табылады.

Уәкілетті орган сертификат иесі осы Заңның талаптарын және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін пайдаланушыларды сертификаттау ережелерін сақтамаған жағдайда, оған сертификат беруден бас тартуға, оны кері қайтарып алуға, оның қолданылуын тоқтата тұруға құқылы. Тиімсіз деген желеумен пайдаланушы сертификатын беруден бас тартуға тыйым салынады.

Сертификатты беруден бас тартқан жағдайда сертификат бермеген органның тұрған жері бойынша сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Пайдаланушы сертификатын басқа біреуге беруге болмайды және оның күші белгіленген тәртіппен тоқтатылғанға дейін немесе алынып қойылғанға дейін сертификат күшінде болады.

Пайдаланушы сертификатында және оның қосымшасында уәкілетті органы пайдаланушының қызметінің шарттарын айқындайды.

Пайдаланушы сертификатын беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Шетелдік азаматтарға немесе заңды тұлғаларға қатысты алғанда шетел мемлекетінің құзыретті өкімет органдары берген және Қазақстан Республикасында қойылатын талаптарға сай келетін пайдаланушы сертификатын немесе соларға ұқсас құжаттарды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен таниды.

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.05.07. N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

31-бап. Пайдаланушы сертификатын жарамсыз деп тану немесе пайдаланушы қызметін шектеу

Пайдаланушы сертификаты, егер:

- 1) оның берілген мерзімі біткен болса;
- 2) пайдаланушы қызметіне байланысты әрі пайдаланушы сертификатын беруге негіз болған шарттарға әсер ететін өзгерістер туындаса және осы өзгерістер туралы пайдаланушы сертификатында немесе оның қосымшасында тиісті белгі болмаса;
- 3) пайдаланушы Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес сақтандыру шарасын жасамаса, жарамсыз деп танылады.

Пайдаланушы белгіленген талаптарға сай болмаған немесе осы Заңның немесе Қазақстан Республикасының басқа да заң және нормативтік құқықтық актілерінің ережелері сақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен пайдаланушы қызметі шектеледі немесе пайдаланушы сертификаты жарамсыз деп танылады.

Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2007.05.07. N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

31-1-бап. <*>

Ескерту. 31-1-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.

31-2-бап. Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу

Осы Заңда көзделген сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өтініш берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін алынған қаражат бюджетке аударылады.

Сертификаттауды жүргізу жөніндегі қызмет көрсетулердің бағасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітіледі.

Ескерту. 31-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, өзгерту енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

31-3-бап. Әуе кемелері мен олардың жабдықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық реттеу

Техникалық реттеу объектілері:

- 1) әуе кемесі және оның жабдықтары;
- 2) әуе кемесін және оның жабдықтарын жобалау процесі;
- 3) әуе кемесін жасау және оның жабдықтарын өндіру процесі;
- 4) әуе кемесін және оның жабдықтарын пайдалану процесі;
- 5) әуе кемесін және оның жабдықтарын тасымалдау және сақтау процесі;
- 6) әуе кемесін және оның жабдықтарын өткізу процесі;

7) әуе кемесін және оның жабдықтарын кәдеге жарату және жою процесі болып табылады.

Әуе кемелері мен олардың жабдықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық реттеу саласындағы негізгі талаптар техникалық регламенттерде белгіленеді.

Ескерту. 31-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.

32-бап. Әуе кемесін жалдау

Қазақстан Республикасы әуе кемесінің меншік иесі әуе кемесін экипажымен немесе экипажсыз қазақстандық немесе шетелдік пайдаланушыға жалға беруге құқылы.

Жалдау мерзімі, кемені пайдалану сипаты, жалдау ақысының мөлшері, әуе кемесінің кейіннен жалға алушының меншігіне ауысу мүмкіндігі және басқа да

жағдайлар әуе кемесінің меншік иесі (жалға беруші) мен жалға алушы арасындағы шартпен айқындалады.

Осындай тәртіп Қазақстан Республикасының пайдаланушысы шетелдік әуе кемесін жалға алған жағдайда да қолданылады. қараңыз.К990409

5 тарау. Авиация қызметшілері

33-бап. Авиация қызметшілерінің жіктелуі

Авиация қызметшілеріне жұмысы ұшуды ұйымдастырумен, орындаумен және қамтамасыз етумен, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсетумен байланысты адамдар жатады.

Авиация түрлеріне жатуына қарай олар азаматтық, мемлекеттік және эксперименттік авиация қызметшілері болып бөлінеді.

Азаматтық, мемлекеттік және эксперименттік авиация қызметшілерінің қызмет тізбелерін Қазақстан Республикасының Үкімет белгілейді.

34-бап. Авиация қызметшілерін кәсіптік қызметке даярлау және жіберу

Авиация қызметшілерін кәсіби қызметке даярлау белгіленген тәртіппен тіркелген білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

Авиация қызметшілеріне жататын адам өзінде қажетті білімі мен дағдысы бар екенін, сондай-ақ денсаулығы қойылатын талаптарға сай келетінін растайтын кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына уәкілетті орган беретін куәлігі (сертификаты) болған жағдайда ғана дербес кәсіби қызметке жіберіледі.

Ұшу қауіпсіздігіне тікелей байланысты азаматтық және эксперименттік авиацияның авиация қызметшілерінің жұмыс уақыты режимінің ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

Азаматтық және эксперименттік авиацияның аттестаттауға жататын авиация қызметшілері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, сондай-ақ азаматтық және эксперименттік авиацияның айырым белгісі бар нысанды киімін киіп жүруге құқығы бар авиация қызметшілері лауазымдарының тізбесін, сондай-ақ оларды беру тәртібін уәкілетті орган бекітеді. Аттестаттаудан өтпеген адамдар кәсіби міндеттерін орындауға жіберілмейді.

Аттестаттау ережесін, оны өткізу кезеңділігін, сондай-ақ авиация қызметшілеріне қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2007.05.15. N 253, 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

35-бап. Шетел мемлекеті авиация қызметшілерінің куәлігін тану

Шетел мемлекеті берген авиация қызметшілерінің куәліктері Қазақстан Республикасында осындай куәліктердің берілуіне қойылатын талаптар Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) белгілеген стандарттық ең төменгі деңгейіне сай немесе олардан асып түскен жағдайларда жарамды деп танылады.

36-бап. Әуе кемесінің экипажы

Әуе кемесінің экипажы - тиісінше уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген тәртіппен ұшуды орындау кезінде әуе кемесін басқару мен оған қызмет көрсету жөнінде белгілі бір міндеттерді атқару тапсырылған авиация қызметінің адамдары.

Әуе кемелерінің түрі мен атқаратын ісіне, оларды пайдаланылу мақсаттары мен жағдайларына қарай азаматтық және мемлекеттік әуе кемелері экипаждарының құрамын әуе кемесін жасап шығарушы мен тапсырыс беруші айқындайды және әрбір үлгідегі әуе кемесін ұшуға пайдалану жөніндегі құжаттарда көрсетіледі.

Экипаж құрамы толық болмаған жағдайда азаматтық әуе кемесінің ұшуына жол берілмейді.

Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

37-бап. Азаматтық әуе кемесінің экипажы мүшелерінің құқықтары және оларды қамтамасыз ету жөніндегі пайдаланушының міндеттері

Экипаждың әрбір мүшесі ұшуға берілген тапсырманы орындау кезінде, егер оның пікірінше, ұшудың ойдағыдай аяқталатынына дәлелді күдігі болса, оны орындаудан бас тартуға құқылы.

Әуе кемесінің ұшуы кезінде экипаж мүшесі өз міндеттерін атқаруға байланысты жарақаттанған немесе оның денсаулығына өзге де зақым келген жағдайда, оның денсаулығы зақымдалғаннан кейін алып жүрген жәрдемақысының немесе тағайындалған зейнетақысының және нақтылы алып жүрген жалақысының асатын сомасы бөлігінде пайдаланушы келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

Экипаж мүшесі қызмет міндеттерін атқаруына байланысты қайтыс болған жағдайда пайдаланушы ұшу алдындағы дайындықтан бастап ұшудан кейінгі талдау біткенге дейінгі залалдың орнын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен толтыруға міндетті.

38-бап. Әуе кемесінің командирі

Пилот (ұшқыш) мамандығы бар және белгіленген тәртіппен осы үлгідегі әуе кемесін дербес басқаруға құқығы бар адам ғана әуе кемесінің командирі бола алады.

Әуе кемесінің командирі экипаждың қызметін басқарады, әуе кемесінде тәртіп пен реттілікті, ұшу және әуе кемесін пайдалану ережелерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

39-бап. Әуе кемесі командирінің құқықтары

Өзінің кәсіби қызметін атқару барысында азаматтық әуе кемесінің командирі Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерінде белгіленген құқықтарға сәйкес ұшудың қауіпсіздігін, әуе кемесінің және оның бортындағы адамдар мен мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті кез келген шешімдер қабылдап, шаралар қолданады.

39-1-бап. Азаматтық авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басшы қызметкерлері

Уәкілетті органмен келісім бойынша қызметке тағайындалатын ұшу қызметінің басшысы, аға пилот, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекцияның бастығы, инженерлік-авиациялық қызмет басшысы азаматтық авиация ұйымының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басшы қызметкерлері болып танылады.

Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басшы қызметкерлер уәкілетті органның келісімін алмай өз міндеттерін үш айға дейін атқара алады.

Ескерту. 39-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

6 тарау. Әуе кемелерінің ұшуы

40-бап. Ұшуды орындау ережелері

Әуе кемелерінің Қазақстан Республикасы аумағының үстімен ұшуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелеріне сәйкес орындалады.

41-бап. Кеме құжаттары

Ұшуды орындау кезінде әуе кемесінде Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерінде және арнайы нормативтік құжаттарда көзделген кеме құжаттары болуға тиіс.

42-бап. Ұшуға әзірлеу

Әуе кемесінің ұшуы алдында әуе кемесі, оның экипажы мен басқа да авиация қызметшілері, ұшу және қону аэродромдары әзірлік жасауға тиіс.

Ұшуға әзірлену ережелері мен ұшып шығуға рұқсат алу тәртібін азаматтық және эксперименттік авиация үшін - уәкілетті орган, мемлекеттік авиация үшін - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейді.

Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

43-бап. Әуе кемесінің аэронавигациялық ұйыммен радиобайланысы

Байланыс құралдары бар әрбір әуе кемесіне шақырушы радиосигнал беріледі.

Бақыланатын әуе кеңістігінде ұшып жүрген әуе кемесі мен аэронавигациялық ұйым арасында тұрақты байланыс болуға тиіс. Байланыс бұзылған жағдайда әуе кемесінің командирі мен аэронавигациялық ұйымдар оны қалпына келтіру үшін мүмкін болатын шаралардың бәрін қолдануға міндетті.

Егер қолданылған шаралар нәтижесінде радиобайланысты қалпына келтірудің сәті түспесе, әуе кемесінің командирі мен аэронавигациялық ұйымдар Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелеріне сәйкес іс-қимыл жасауға тиіс.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

44-бап. Елді мекендердің үстімен ұшу

Әуе кемелері елді мекендер үстімен, әуе кемесі бұзылған жағдайда сол елді мекендерден тысқары жерде немесе таяудағы аэродромда оның қонуына мүмкіндік беретіндей биіктікте ғана ұша алады. Ұшып-қону алаңының орналасуы әуе кемесінің елді мекен үстінен ұшып өтуінсіз көтеріліп ұшуына және келіп қонуына мүмкіндік бермейтіндей жағдайларда немесе адамдар өмірін сақтап қалу үшін ұшып өту қажет болғанда, ал өзге де ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша бұл ережеден ауытқуға жол беріледі.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

45-бап. Көрсетуге арналған ұшулар

Әуе кемелерінің көрсетуге арналған ұшулары әуе кемесінің тұрғын үйлер алабы мен адамдар легі үстіне құлауына болдырмайтын арнайы қауіпсіздік шаралары сақтала отырып белгіленген аймақтарда орындалады.

Ұшу қауіпсіздігі үшін жауапкершілік көрсетуге арналған ұшуларды ұйымдастырушыға жүктеледі.

46-бап. Әуе кемелері ұшуының зиянды әсерінен қорғау

Қазақстан Республикасында пайдалануға арналған әуе кемесі, жердегі шу мен авиация қозғалтқыштарының зиянды заттары эмиссиясына қатысты Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген талаптарға сәйкестігіне сертификат алуға тиіс.

Аэродром иелері, пайдаланушылар, әуе кемелерінің командирлері мен экипаж мүшелері әуе кемелерін жерде және әуеде пайдаланған кезде қажетсіз шуды болдырмауға немесе оны барынша азайтуға міндетті.

Әуе кемелерінен адамдар денсаулығы мен айналадағы табиғи ортаға зиянды заттарды немесе басқадай қалдықтар мен материалдарды тастауға (халықтың және айналадағы табиғи ортаның қауіпсіздігі шараларын сақтай отырып

атқарылатын авиациялық-химиялық жұмыстардың жүргізілуін қоспағанда) тыйым салынады, ал ондай әрекет жасауға кінәлілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Адамдарға, жануарларға, айналадағы табиғи ортаға әуе кемелерінің зиянды әсерін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі нақтылы аудандарда барлық әуе кемелері үшін бірыңғай немесе әуе кемелерінің үлгілері бойынша жеке-жеке ең төменгі ұшу биіктігін белгілей алады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелерінің дыбыстан тез жылдамдықпен ұшуы айналадағы ортаға дыбыс емпінінің зиянды әсері тимейтін биіктіктерде жалпы ережелер бойынша немесе елді мекендерден шалғайда дыбыстан тез жылдамдықпен ұшуға арнайы бөлінген аудандарда орындалуы тиіс .

Ескерту. 46-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.

47-бап. Әуе кемесі экипажының іс-қимылына араласпау

Әуе кемесі бортындағы адамдардың, соның ішінде кемеге ие адамдардың экипаж іс-қимылына араласуына, одан ұшуды орындаудың жоспары мен ретін өзгертуді немесе аэронавигациялық ұйымның нұсқауларын орындамауды талап етуіне тыйым салынады.

48-бап. Әуе кемесі белгіленген маршруттан немесе ұшу ауданынан (аймағынан) ауытқыған жағдайдағы іс-қимыл

Әуе кемесі белгіленген маршруттан немесе ауданнан (аймақтан) ауытқыған немесе ұшудың өзге параметрін сақтамаған жағдайда әуе кемесінің командирі мен аэронавигациялық ұйым ондай тәртіп бұзушылықты тоқтатуға дереу шара қолдануға міндетті.

49-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшырған әуе кемесі экипажының іс-қимылы

Апатқа ұшырау қаупі төнген әуе кемесі экипажының Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерінде белгіленген тәртіппен қатерге ұшырау белгісін беріп, аэронавигациялық ұйымға қатер сипаты туралы хабарлауға және борттағы адамдардың өмірі мен денсаулығын, мүлікті сондай-ақ әуе кемесінің өзін сақтауға мүмкін болатын шаралардың бәрін қолдануға тиіс.

Апатқа ұшырған әуе кемесінің экипажы өз өкілеттігін құзіретті органдарға тапсырғанға дейін борттағы адамдарды, мүлікті құтқару мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әуе кемесінің өзін сақтау жөнінде мүмкін болған шаралардың бәрін қолдануға міндетті. Әуе кемесінің барлық экипаж мүшелері адамдарды, мүлікті және әуе кемесін құтқаруға қатысуға міндетті.

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесінің командирі осындай жұмыстарды жүзеге асыруға уәкілдігі бар адамдар келгенге

дейін осы әуе кемесінің бортындағы адамдардың іс-қимылдарына басшылық етеді.

50-бап. Қауіп төнген адамдарға көмек көрсету

Қауіп төнген адамдар жайында қандай да бір ақпарат алған әуе кемесінің командирі ол туралы әуе қозғалысына қызмет көрсететін органға немесе өзге құзіретті органға хабарлауға және, егер мұның өзі осы әуе кемесінің, жолаушылары мен экипажының қауіпсіздігіне қатер туғызбаса, мүмкін болатын көмегін көрсетуге міндетті.

51-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесі туралы ақпарат алған жағдайдағы әуе қозғалысына қызмет көрсетуші органның іс-қимылы

Аэронавигациялық ұйым апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесі туралы ақпарат, сондай-ақ әуе кемесінің командирінен қауіпті жағдайға ұшыраған адамдар туралы кез келген өзге де ақпарат алған кезде, Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерінде белгіленген тәртіппен қажетті жәрдем көрсетуге мүмкін болатын шаралардың бәрін қолдануға міндетті.

7 тарау. Халықаралық ұшулар

52-бап. Қазақстан Республикасы әуе кемелерінің халықаралық ұшулары

Қазақстан Республикасы әуе кемелерінің халықаралық ұшулары:

а) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары;

б) тиісті шетел мемлекеттерінің құзіретті органдары тарапынан біржолғы ұшуларды орындауға берілген арнайы рұқсаттары негізінде және солардың шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы әуе кемелерінің біржолғы халықаралық ұшулары осы әуе кемелері қарауында немесе меншігінде бар мемлекеттік органдардың, ұйымның немесе азаматтың шешімі бойынша орындалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің шетел мемлекеті әуе кеңістігінде ұшуына арнайы рұқсат алуға сұратуды пайдаланушы уәкілетті орган арқылы, ал мемлекеттік және эксперименттік әуе кемесінің ұшуына сұратуды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

Егер кеме құжаттарына, экипаж мүшелерінің куәліктеріне қатысты барлық талаптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағындағы және аумағына немесе аумағы арқылы ұшудың орындалуы жоспарланып отырған шетел мемлекеттерінде қолданылатын басқа да талаптар мен ережелер сақталса, онда сұрату жасалады.

Сұрату мен аталған ұшуларға рұқсат алудың тәртібін белгілейтін ережелерді уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қорғаныс министрлігі бірлесе отырып бекітеді.

Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді)

Заңдарымен.

53-бап. Шетелдік әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшулары

Шетелдік әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшулары:

- а) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары;
- б) ұшуларды орындауға берілетін арнайы рұқсаттар негізінде және солардың шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мұндай рұқсаттарды:

- азаматтық әуе кемелерінің бір жолғы ұшуларына - уәкілетті орган;
- азаматтық әуе кемелеріне жатпайтын әуе кемелерінің біржолғы ұшуларына - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі береді.

Халықаралық ұшулар басталар алдында шетелдік әуе кемелерінің иелері пайдаланушылар осы бапқа сәйкес мұндай ұшулардың орындалуына рұқсат беру құқығы жүктелген орталық атқарушы органға Қазақстан Республикасының аумағына ұшуды орындайтын әуе кемелерінің танылым белгілерін хабарлауға тиіс.

Біржолғы ұшулар жасауға рұқсат беру тәртібі Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережемен белгіленеді. қараңыз.V032558

Ескерту. 53-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

54-бап. Қазақстан Республикасының аумағы үстімен халықаралық ұшуларды орындау

Ұлттық және шетелдік әуе кемелері Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінде халықаралық ұшуларды орындаған кезде осы Заңға сәйкес ұшулардың орындалуы мен әуе кемелерінің пайдаланылуын реттейтін жалпы ережелер қолданылады.

Ұлттық және шетелдік әуе кемелерінің Қазақстан Республикасы аумағынан ұшып шығуы, сондай-ақ олардың ұшып көтерілгеннен кейінгі Қазақстан Республикасы аумағынан қайта қонуы халықаралық ұшулар үшін тұрған аэродромдарда жүзеге асырылады. Әуе кеңістігіндегі халықаралық ұшулар белгіленген әуе трассалары бойынша атқарылады.

Әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі шекараның халықаралық трассаларымен қиылысқан жерлері арқылы немесе

Қазақстан Республикасы Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережеде белгіленген тәртіппен осы мақсат үшін арнайы бөлінген әуе дәліздері бойынша орындалады.

Аталған ережелер мынадай жағдайларда:

а) Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережеге сәйкес адамдар өміріне қауіп төндіретін табиғи зілзала, апаттар, авариялар, авариялық ахуалдар мен басқа жағдайларда;

б) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен көзделген жағдайларда;

в) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы ережеде белгіленген тәртіппен берілетін арнайы рұқсат алғанда сақталмайды.

55-бап. Әуе кемелерінің әуе трассалары және халықаралық ұшуларына арналған аэродромдар

Әуе кемелерінің халықаралық ұшуларына арналған аэродромдар ашу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Халықаралық әуе трассаларын ашу туралы шешімді уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша қабылдайды.

Әуе кемелерінің халықаралық ұшуларына арналған аэродромдар мен әуе трассаларын ашу тәртібі Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережемен белгіленеді.

Ескерту. 55-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

56-бап. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын орындаудың паспорттық, кедендік және өзге де ережелерін қолдану

Қазақстан Республикасының аумағына келетін және осы аумақтан кететін немесе транзитпен өтетін барлық әуе кемелеріне, олардың экипаждары мен жолаушыларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағына әкелетін немесе осы аумақтан әкетілетін олардың мүліктеріне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленетін паспорттық, кедендік, валюталық, санитарлық, карантиндік және өзге ережелер қолданылады.

8 тарау. Іздестіру және құтқару

57-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаждарын құтқару

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметі (БАІҚК) туралы ережеге сәйкес дереу іздестірілу мен құтқаруға жатады. Аталған ережеде мыналар көзделуі тиіс:

а) кез келген мемлекеттің әуе кемелерін, адамдарын (жолаушылары мен экипаж мүшелерін) іздестіру және құтқару жөніндегі жұмыстар, іздестіру-құтқару күштері мен құралдарының орналастырылуы, осы жұмыстардың жүргізілуі кезінде оларды қамтамасыз ету мен оларға қызмет көрсету әуе кемесінің қай ведомствоға және қай мемлекетке жататынына қарамастан, Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті есебінен жүргізіледі;

б) апат болған жерден әуе кемелерінің жолаушылары мен экипаж мүшелерінің көшірілуі апатқа ұшырған әуе кемесін пайдаланушының күшімен және құралдарымен немесе пайдаланушы шығындарының орнын кейін толтыратындай өзге де күштермен және құралдармен жүзеге асырылады;

в) жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар әуе кемесін іздестіру және құтқару жұмыстарын жүргізуде кез келген мүмкін болатын көмектерін көрсетуге міндетті және іздестіру-құтқару органдары келіп жеткенше адамдарды құтқаруға, оларға медициналық және басқа көмек көрсетуге, сондай-ақ әуе кемесі мен оның бортындағы құжаттаманы, жабдықтар мен мүлікті сақтауға қажетті шараларды қолданады.

58-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерін іздестіру мен құтқаруды ұйымдастыру

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерін іздестіру мен құтқаруды Қазақстан Республикасының Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметі ұйымдастырады.

Авиациялық іздестіру-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру мен жүзеге асыру кезінде Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметінің өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдардың, сондай-ақ авиакомпаниялардың күштері мен құралдарын тартуға және пайдалануға құқығы бар.

Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде басқа мемлекеттердің органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен іздестіру-құтқару және авариялық жұмыстарды жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасының басқа органдарымен өз жұмысын үйлестіреді.

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелеріне қажетті көмегін көрсету үшін Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне мыналарға:

а) басқа мемлекеттердің іздестіру-құтқару күштері мен құралдарына;

б) сол әуе кемелерінің иелері мен пайдаланушыларына;

в) апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері тіркелген мемлекеттердің өкіметіне рұқсат етіледі.

Мұндай рұқсаттың берілу тәртібі Қазақстан Республикасының Әуе кеңістігін пайдалану туралы ережемен белгіленеді.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

59-бап. Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері туралы хабар беру

Байланыс құралдары бар ұйымдар апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері туралы ақпараттың дереу өтуі үшін сол құралдарды беруге міндетті.

Байланыс құралдарының берілуі, апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемесіне, оның жолаушылары мен экипажына көмек беру туралы ақпараттың қабылдануы мен жіберілуі әуе кемесінің пайдаланушысы есебінен әдеттегі тариф бойынша ақы төлене отырып ешбір кезек күтусіз жүргізіледі. Бұл оқиға туралы алғашқы хабар тегін беріледі.

Апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған әуе кемелері туралы хабар беру үшін жалпы пайдаланудағы байланыс құралдарының пайдаланылу тәртібін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесе отырып белгілейді.

Жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар әуе кемелерінің апатқа ұшырау туралы өздеріне белгілі барлық жағдайлар туралы Бірыңғай авиациялық іздестіру-құтқару қызметіне немесе жақын маңдағы аэродромға дереу хабар беруге міндетті.

60-бап. Авариялық-құтқару жұмыстары

Аумақта және аэродром ауданында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу апатқа ұшыраған әуе кемесінің пайдаланушысы есебінен меншік иелерінің немесе аэродромдар иелерінің күштері мен құралдарымен жүзеге асырылады.

Егер апатқа ұшыраған әуе кемесі оның бөлшектері теміржол, автомобиль, су көлігінің қозғалысына немесе әуе кемелерінің ұшуына кедергі келтірсе, құтқару жұмыстарының басшысы олардың жатқан жерін және жалпы күйін алдын ала белгілеп қойып, көлік қозғалысын немесе ұшуларды қалпына келтіру мақсатында әуе кемесінің (оның бөлшектерінің) жатқан жерінен басқа орынға ауыстырылуына шаралар қолдануға міндетті.

61-бап. Әуе кемесінің, оның жолаушылары мен экипажын іздестіруді тоқтату

Іздестіру жөніндегі қолданылған шаралар нәтиже бермеген жағдайда апатқа ұшыраған әуе кемесін іздестіруді тоқтату туралы шешімді әуе кемесінің иесімен және Бірыңғай іздестіру-құтқару қызметі басшысымен келісу бойынша тергеу жөніндегі комиссияның төрағасы қабылдайды.

Мұндай шешім қолда бар іздестіру-құтқару күштерімен және құралдарымен бұдан әрі іздестіру әуе кемесін табуға қол жеткізбейтініне жеткілікті дәлелдер болғанда және тірі қалған адамдарды құтқаруға ешқандай нақтылы сенім қалмағанда ғана қабылдануы мүмкін.

Апатқа ұшыраған әуе кемесін іздестіру тоқтату туралы шешімге осы әуе кемесінің иесі сотқа беру тәртібімен қарсылық білдіре алады.

Осы бапқа сәйкес іздестірілуі тоқтатылған әуе кемесі хабар-ошарсыз жоғалған болып есептеледі.

Хабар-ошарсыз жоғалған әуе кемесінің экипажы мен жолаушыларын хабар-ошарсыз жоқ болып кеткендер деп тану және оларды қайтыс болғандар деп жариялау қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

62-бап. Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлердегі іздестіру мен құтқару

Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде апатқа ұшырау қаупі төнген немесе апатқа ұшыраған Қазақстан Республикасының әуе кемелерін іздестіру мен құтқару осы Заңның талаптарын ескере отырып, аумағында осы жұмыстар жүргізілетін мемлекеттің іздестіру-құтқару жұмыстарын орындау ережелеріне және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

63-бап. Апаттық жағдайларға әуе кемелерін жабдықтау және экипажды даярлау

Әуе кемелері борттық авариялық-құтқару құралдарымен жабдықталуы тиіс, олардың тізбесін әуе кемесінің үлгісі мен ұшатын ауданына байланысты азаматтық және эксперименттік авиацияның әуе кемелері үшін уәкілетті орган, мемлекеттік авиацияның әуе кемелері үшін - олардың ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейді.

Әуе кемесі экипажының барлық мүшелері авариялық-құтқару даярлығы және әуе кемесінің бортында түрлі физикалық-географиялық және климаттық жағдайларда авариялық ахуал туындаған кезде жолаушыларға көмек көрсету бағдарламасы бойынша арнайы оқудан өтуге міндетті, ал жолаушылар мұндай жағдайдағы іс-әрекеттер туралы әрі жеке және борттық авариялық-құтқару құралдарын пайдалану ережелері туралы экипаж тарапынан міндетті түрде нұсқаулар алуға тиіс.

Ескерту. 63-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

9 тарау. Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау. Авиациялық оқиғаларды тексеру

64-бап. Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалау

Авиациялық оқиғалар мен тосын оқиғаларға жол бермеу мақсатында азаматтық және эксперименттік авиациядағы әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қадағалауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Мемлекеттік авиацияда Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің органы жүргізеді.

Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қадағалау ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін осы бақылау органдарының қызметі туралы Ережемен белгіленеді.

Ескерту. 64-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

65-бап. Тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу

Әрбір авиациялық оқиға міндетті түрде тексерілуге жатады.

Азаматтық, эксперименттік және мемлекеттік авиациядағы авиациялық оқиғалардың тексерілуін әуе кемесін пайдаланушының, сондай-ақ мүдделі мемлекеттердің уәкілетті өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен ведомстводан тыс мемлекеттік комиссия жүзеге асырады.

Авиациялық оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссияның өкілеттігі мен жұмыс тәртібі, сондай-ақ авиациялық оқиғаларға қызметтік тексеру жүргізудің ережелері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ережемен белгіленеді.

Авиациялық оқиғаны қызметтік тексерудің мақсаты оқиға себептерін анықтау, авиациялық оқиғаларды болдырмау және әуе қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар жасау болып табылады.

66-бап. Айғақтық заттарды сақтау

Осы Заңның 60-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, авиациялық оқиғаны немесе тосын оқиғаны тергеу жөніндегі комиссияның мүшелері келгенге дейін әуе кемесі, оның құрамдас бөлшектері, бортындағы және жер үстіндегі объективтік бақылау құралдары, әуе кемесіндегі барлық заттар, сондай-ақ авиациялық оқиға немесе тосын оқиға болған аумақ пен ондағы заттар, әуе кемесін жасауға, жөндеуге және пайдалануға әрі оның ұшуын қамтамасыз етуге қатысты бүкіл құжаттама ұйымдар мен азаматтар тарапынан ешбір қолсұғусыз сақталуға тиіс.

67-бап. Авиациялық оқиға болған жердегі жұмыс

Авиациялық оқиға болған жерде жүргізілетін тексеру табиғи зілзала зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарға теңестірілетін ерекше жағдайдағы жұмыстар санатына жатқызылады.

Жергілікті атқарушы өкімет органдары, заңды және жеке тұлғалар авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссияға үнемі жәрдем көрсетуге міндетті.

Авиациялық оқиға болған жерде комиссия жұмысын қамтамасыз етудің тәртібі осы Заңның 65-бабында аталған авиациялық оқиғаларға тексеру жүргізу ережелерімен айқындалады.

68-бап. Авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты жұмыстарды қаржыландыру және шығындардың орнын толтыру тәртібі

Авиациялық оқиға болған жерде жүргізілетін тексерумен байланысты барлық жұмыстарды пайдаланушы қаржыландырады. Ғылыми-зерттеу, конструкторлық, жөндеу және өнеркәсіптік ұйымдар жүргізетін авиациялық оқиғаны тексеруге байланысты зерттеулер мен сынықтарды осы ұйымдар қаржыландырады да, кейіннен пайдаланушы шығындардың орнын толтырады.

10 тарау. Әуе тасымалдары

69-бап. Әуе тасымалдарын реттеу

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуе кемелерімен жолаушыларды, теңдеме жүк пен жүктерді әуеде тасымалдау осы Заңның нормаларымен және уәкілетті орган бекітетін Жолаушыларды, теңдеме жүк пен жүкті әуеде тасымалдау ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық келісімдермен және шарттармен реттеледі.

Ескерту. 69-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

70-бап. Жолаушыларды, багажды, жүк пен почтаны әуеде тасымалдауды жүзеге асыру құқығы

Жолаушыларды, багажды, жүк пен почтаны әуеде тасымалдауды жүзеге асыру құқығын пайдаланушының уәкілетті орган берген қолданыстағы сертификаты бар тұлғалар иеленеді.

Пайдаланушының сертификатпен белгіленген қызмет шарттарын және шектеулерін сақтай отырып, пайдаланушының сертификатында белгіленген қызметті ғана жүзеге асыруға құқығы бар.

Егер уәкілетті орган басқа мемлекет берген пайдаланушы сертификатын таныса, тиісті мемлекеттің пайдаланушысының Қазақстан Республикасы аумағында әуе тасымалдарын жүзеге асыруға құқығы бар. қараңыз. P020401

Ескерту. 70-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

71-бап. <*>

Ескерту. 71-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

72-бап. Тасымал құжаттары

Әуе тасымалдары шарт негізінде орындалады.

Әуе тасымалының әрбір шарты мен оның жағдайлары авиация ұйымы не уәкілетті тұлғалар (агенттер) тасымалдауға берген құжатпен куәландырылады.

Жолаушыларды тасымалдау кезінде ұшып шыққан және баратын пункттері, жолаушының негізгі құқықтары мен міндеттері көрсетілген жеке немесе топтық тасымал құжаты (билет) беріледі.

Тіркелген теңдеме жүкті тасымалдаған кезде жіберілген және баратын пункттері көрсетілген теңдеме жүк түбіртегі беріледі.

Жүкті тасымалдаған кезде жіберілген және баратын пункттері, жіберілген жүк салмағы, жүкті тасымалдаудың шарттары көрсетілген жүк құжаты беріледі.

Егер тасымалдаушы билетті, теңдеме жүк түбіртегін немесе жүк құжатын берген болса, бірақ олар дұрыс ресімделмесе немесе жоғалса әйтпесе қайсыбір басқадай себеппен оларды көрсету мүмкіндігі болмаса, тасымал шарты күшін сақтайды.

Поштаны әуеде тасымалдаудың шарты, оның жағдайлары мен поштаны тасымалға қабылдау пошталық құжатпен куәландырылады.

73-бап. Жүк құжатына қоса берілетін құжаттар

Жүк жөнелтуші мәліметтер ұсынуға тиіс және жүк берілгенге дейін оны алушы тиісті заң актілерімен және жолаушыларды, теңдеме жүк пен жүкті әуемен тасымалдау ережелерімен белгіленген кедендік және басқа ресімдемелерді орындау үшін барлық құжаттарды жүк құжатына қоса беруі қажет.

74-бап. Жолаушыны әуемен тасымалдау шартын біржақты тоқтату

Жолаушының ұшудан бас тартуға әрі жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүкті әуемен тасымалдау ережелерімен белгіленген мөлшерде төленген тасымал ақысын қайтарып алуға құқығы бар.

Егер:

1) жолаушы осы Заңның 97-бабымен белгіленген ұшар алдында әуе кемесіндегі арнайы тексеруден бас тартса;

2) жолаушы тасымалдаушы белгілеген ережені бұзса және өзінің іс-әрекетімен әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндірсе;

3) бұл үстіменен әуе тасымалы жасалатын немесе сонда жөнелту пункті, аялдайтын жері немесе баратын пункті орналасқан мемлекеттің заң актілеріндегі ережелердің бұзылуын жою үшін қажет болса;

4) жолаушының әуе тасымалы кезіндегі көңіл-күйі немесе денсаулық жай-күйі немесе мінез-құлқы осы жолаушының өзінің саулығына немесе әуе кемесінің бортындағы адамдар мен мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндірсе, сондай-ақ басқа жолаушыларға, ол медициналық қорытындылаумен расталуға тиіс, қолайсыз жағдай жасаса және олардың қарсылығын туғызса, тасымалдаушы жолаушыны әуеде тасымалдауды біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

Жолаушыны әуеде тасымалдаудың шарты жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүкті әуеде тасымалдаудың ережелерінде қарастырылған тәртіппен тоқтатылады және тасымал үшін төлем қайтарылады.

75-бап. Чартерлік шарт

Чартерлік шартта тараптар атауы, әуе кемесінің үлгісі, жалға берілу мақсаты, тасымалданатын жолаушылардың ең жоғары саны, теңдеме жүктің, жүк пен поштаның салмағы, жолмен тасымалданатын зат мөлшері, тасымалдың жіберілу пункті, уақыты және баратын жері көрсетілуі тиіс. Чартерлік шартқа басқа да жағдайлар енгізілуі мүмкін.

Егер ол әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болса, жалға беруші жалдаушыдан қосымша төлем талап етпей-ақ, тасымалдың басталу уақытын және қонатын жеріндегі жоспар бойынша қарастырылған әуе кемесінің ұшып шығу уақытын ауыстыруға, қосымша қонулар жасауға немесе ұшу маршрутын өзгертуге құқылы.

Жалға беруші әуе кемесінің толық сыйымдылығын уақтылы беруге және шарт күшінде тұрған кезде әуе кемесін шартпен қарастырылған мақсаттарда пайдалануға болатындай күйде күтіп ұстауға міндетті.

Жалдаушы жалға берушінің келісімімен жалданған әуе кемесін субчартерге беруге құқылы.

Жалдаушы шарттар қарастырылған төлемді уақытылы төлеуге, жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүк пен поштаны ұшып баратын жеріне уақытылы жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

76-бап. Халықаралық әуе тасымалдары

Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерімен жолаушыларды, теңдеме жүк пен жүктерді халықаралық әуе тасымалын жасаған кезде, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан өзгеше туындамаса, жолаушыларды, теңдеме жүк пен жүкті әуеде тасымалдау туралы жалпы ережелер қолданылады.

Поштаның халықаралық әуе тасымалдары Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық пошта келісімдерінің ережелерін сақтай отырып жүзеге асырылады.

77-бап. Қазақстан Республикасы аумағындағы шетелдік тасымалдаушылар қызметі

Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағындағы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

11 тарау. Авиациялық жұмыстар

78-бап. Авиациялық жұмыстарды орындау тәртібі

Авиациялық жұмыстар пайдаланушы мен тапсырыс беруші арасындағы шарт негізінде жүргізіледі. Пайдаланушы мен тапсырыс беруші әріптес таңдауда тең құқыққа ие.

Авиациялық жұмыстарды орындау талаптары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың Негізгі ережелерімен белгіленеді.

79-бап. Авиациялық жұмыстар тарифі

Пайдаланушы мен тапсырыс беруші авиациялық жұмыстарға шарт жасаған кезде шарттық тарифтер (бағалар) белгілеуге құқылы.

12 тарау. Әуежайлар. Аэродромдар

80-бап. Аэродромдар жіктемесі

Аэродромдар жіктемесі олардың пайдаланылуына, ұшып-қону алаңының мөлшерлеріне және олардың үстіңгі қабатының салмақ көтеру қабілеттілігіне қарай, сондай-ақ аэродромдардың ұшуларды қамтамасыз ететін байланысты және радиотехникалық құралдармен жабдықталуына қарай арнайы нормативтік құжаттармен анықталады.

Ұшып-қону алаңы беттерінің түріне қарай аэродромдар жасанды жабылған, топырақты, қармен көмкерілген, мұзды және гидроаэродромдар болуы мүмкін.

Авиацияның қандай түрлеріне тиесілігіне қарай аэродромдар азаматтық аэродромдар, мемлекеттік авиация аэродромдары және эксперименттік авиация аэродромдары болып бөлінеді.

81-бап. Аэродромдар мен әуежайларға жер бөлу, құрылысын жүргізу және қайта жаңарту

Аэродромдарға (әуежайларға) учаске таңдау, жер бөлу, жобалау, құрылысын жүргізу және қайта жаңарту Қазақстан Республикасының заңдарына, Жер кодексіне, сондай-ақ аэродромдар мен әуежайларға қойылатын құрылыс нормалары мен ережелерін, талаптарды, стандарттар мен ұсыныстарды реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

82-бап. Әуежайды (аэродромды) пайдаланушы

Әуежайды (аэродромды) меншік құқымен не өзге заң негіздерімен пайдаланатын Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес басқа мемлекеттің заңды және жеке тұлғалары әуежайды (аэродромды) пайдаланушы деп аталады.

Акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлға ғана халықаралық рейстерге қызмет көрсететін әуежай (аэродром) пайдаланушысы бола алады.

Ескерту. 82-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

82-1-бап. Әуежай қызметі

Әуежай қызметінің құрамына:

1) азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, шығару және оларға қызмет көрсету, багажды, жүкті, почтаны өңдеу, оларды тексеріп қарау және бақылау;

2) аэродром, әуежай, аэронавигация объектілерін ұстау, жөндеу және пайдалану;

3) әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметі, бақыланатын аймақта бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету және олардың өртке қарсы қызметін қамтамасыз ету;

4) азаматтық әуе кемелерінің ұшуын жарық түсіру-техникалық қамтамасыз ету және әуежай, аэродром, аэронавигация объектілерін энергиямен жабдықтау;

5) азаматтық әуе кемелерін, әуежай объектілері мен қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнаулы сұйықтықтармен қамтамасыз ету, олардың сапасын бақылау;

6) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға және басқа тұтынушыларға арнаулы автокөлік құралдарын беру; қараңыз.V022129

7) әуежайлар мен азаматтық әуе кемелерінде жолаушылар мен экипаждарды тағаммен қамтамасыз ету;

8) жолаушыларға, экипаждарға, халыққа азаматтық авиация саласындағы қажетті деректер жөнінде ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету кіреді.

Ескерту. 82-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, өзгерту енгізілді - 2005.04.15. N 45 Заңдарымен.

83-бап. Аэродромды пайдалануға қосу

Аэродромдары пайдалануға қосу үшін оның аэродромдарды пайдалануға жарамдылық нормаларына сәйкестігі және әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндігі анықталуы тиіс.

Пайдаланушы аэродромның жарамдылығы туралы сертификат (куәлік) және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алғаннан кейін аэродром пайдалануға қосылады. қараңыз.P951170

84-бап. Аэродромдарды сертификаттау және тіркеу

Азаматтық және эксперименттік авиация аэродромдары үшін сертификаттау, тіркеу, аэродромдардың пайдалануға жарамдылығының сертификаттарын және тіркеу туралы куәліктерін беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі, мемлекеттік авиация аэродромдары үшін - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілейді.

Пайдаланудың барлық кезеңінде осы аэродромның пайдалануға жарамдылығына сертификат алу үшін белгіленген талаптарға аэродромның сәйкестігін қамтамасыз ету аэродром пайдаланушысына жүктеледі.

Ескерту. 84-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272 Заңымен.

85-бап. Әуе кемелерінің ұшуына аэродромдық қызмет көрсету

Қоғамдық пайдаланыс үшін ашық тұратын азаматтық аэродромдар (әуежайлар) барлық әуе кемелеріне біркелкі жағдайда қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Аталған біркелкі жағдайлар - байланыс құралдарын пайдалануға, ұшу мен әуе қозғалысын басқаруды радиотехникалық қамтамасыз етуге, метеорологиялық қызмет көрсетуге, күзетілетін тұрақ орындарын, жанармай құйылуын, техникалық қызмет көрсетілуін, ұшу мен қызмет көрсетудің және басқа түрлерін қамтамасыз етуге қатысты жәйттер.

Аталған аэродромдар (әуежайлар) ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін техникалық және метеорологиялық жағдайлар бойынша ғана жұмыс уақытының мәлімделген сағаттарында әуе кемелерін қабылдау және ұшыру үшін жабық болуы мүмкін.

86-бап. Аэродромдары бірлесіп пайдалану

Азаматтық, мемлекеттік және эксперименттік авиация аэродромдарын, сондай-ақ әуежайларды әуе кеңістігін әртүрлі пайдаланушылармен, соның ішінде қосалқы аэродромдар ретінде бірлесіп пайдалану Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

87-бап. Аэродромдар мен әуежайларды жою немесе көшіру

Аэродромдар мен әуежайларды жою немесе басқа жерге көшіру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шарт пен тәртіпте, меншік иесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

88-бап. Айналадағы табиғи ортаны қорғау

Аэродромға (әуежайға) жер таңдау, оны салу, қайта жаңарту, жөндеу және пайдалану кезінде мердігер мен пайдаланушы айналадағы табиғи ортаны қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген нормаларды, ережелер мен рәсімдерді орындауға міндетті.

13 тарау. Жауапкершілік және сақтандыру

89-бап. Әуе тасымалы кезінде жолаушының қайтыс болғаны немесе денсаулығына зақым келтірілгені үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

Тасымалдаушы әуе тасымалы кезінде жолаушының қайтыс болғаны немесе оның денсаулығына зақым келтірілгені үшін жауап береді.

Тасымалдаушы, егер зәбір шегушінің өз кінәсінен туындағандығын дәлелдей алмаса, жолаушының әуе тасымалы кезіндегі қайтыс болуы немесе денсаулығының зақымдануы салдарынан туындаған залал үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

Жолаушының әуеде тасымалдау кезеңі тасымалдаушының немесе ол уәкілеттік берген адамның жолаушыны тасымалдауға қабылдаған сәтінен бастап,

әуе кемесінің ұшқанына немесе ұшпағанына қарамастан, жолаушы аэродром перронын тастап кеткен сәтке дейінгі уақытты қамтиды.

Ескерту. 89-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.

90-бап. Тасымалдаушының жоғалған, жетіспейтін немесе зақымданған теңдеме жүк, жүк немесе жолаушының қол жүгі үшін жауапкершілігі. Жауапкершілік мөлшері

Жолаушының қол жүгінің, тіркеуден өткен теңдеме жүктің жоғалғаны, жетпейтіндігі немесе зақымданғаны үшін тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мынадай мөлшерде:

1) тасымалдауға құны жарияланбай қабылданған теңдеме жүктің, сондай-ақ жолаушының қол жүгінің жоғалғаны немесе жетіспейтіндігі үшін - жоғалған теңдеме жүктің немесе жолаушының қол жүгінің, әйтпесе олардың жетіспейтін бөлігінің нақты құны мөлшерінде;

2) тасымалға құны жарияланып қабылданған теңдеме жүктің жоғалғаны немесе жетіспейтіндігі үшін - егер тасымалдаушы жарияланған құнның заттың нақты құнынан жоғары екендігін дәлелдей алмаса, жарияланған құн мөлшерінде;

3) теңдеме жүктің немесе жолаушының қол жүгінің зақымданғаны үшін - теңдеме жүктің немесе қол жүктері құнының төмендеген сомасы мөлшерінде жауапты болады.

Тасымалдаушы тасымалға қабылданған жүктің өз кінәсінен жоғалғаны, жетіспейтіндігі және зақымданғаны үшін толық жауап береді.

Егер жолаушының қол жүгінің, теңдеме жүктің, жүктің бір бөлігінің немесе солардың ішіндегі қайсыбір заттың жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымданғаны жолаушының қалған қол жүктеріне немесе теңдеме жүктің түбіртегіне әйтпесе теңдеме жүктің немесе жүктің жүк құжаттарында жазылған заттардың құнына әсерін тигізген болса, өтем мөлшерін белгілеген кезінде жолаушының қол жүктерінің, теңдеме жүктің немесе жүктің жалпы құны ескерілуге тиіс.

Теңдеме жүк пен жүк жоғалған немесе жетіспеген жағдайда тасымалдаушы өтем жасаумен қатар жоғалған теңдеме жүкке төленген ақыны, егер теңдеме жүктің тасымалданғаны үшін ақы төленсе, сондай-ақ жоғалған жүктің тасымалдануы үшін төленген ақыны қайтарады.

Ескерту. 90-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.

91-бап. Рейс орындалмайтын немесе бөгелген кездегі тасымалдаушының жауапкершілігі

Жойқын күштердің әсерінен болатын жағдайларды қоспағанда, рейс орындалмайтын немесе бөгелетін болса, жолаушының қалауы бойынша, тасымалдаушы;

жолаушының билетте көрсетілген бару мекеніне жақын арада болатын рейспен жөнелтілуін, ал оған дейін қонақ үйге орналастырылуын және тамақтандырылуын қамтамасыз етуге;

жолаушыға билеттің толық құнын қайтаруға міндетті.

92-бап. Поштаның жоғалғаны, жетіспейтіндігі немесе зақымдануы және жеткізілуінің кешіккені үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

Тасымалдаушы поштаның жоғалғаны, жетіспейтіндігі немесе зақымданғаны және тасымалдаушының кінәсінен жеткізілуінің кешіктірілгені үшін пошта органдарының алдында байланыс мекемелерінің жөнелтім жасаушылардың немесе адресаттардың алдындағы мүліктік жауапкершілік мөлшеріндегідей жауап береді.

93-бап. Әуе кемелерінің соқтығысу салдарынан туындаған зиян үшін жауапкершілік

Егер Қазақстан Республикасының аумағында екі немесе бірнеше әуе кемелері соқтығысқан болса, немесе қайсы бір әуе кемесі екінші әуе кемесіне зақым келтірсе, бірақ соқтығысу орын алмаса, әуе кемелері пайдаланушыларының өзара мүліктік жауапкершіліктері мынадай жағдайлармен анықталады:

1) тараптардың бірінің кінәсінен келтірілген зиянды сол тарап толық мөлшерде өтейді;

2) егер зиян екі (бірнеше) тараптың да кінәсінен келтірілген болса, әрбір тараптың жауапкершілігі соның кінәсінің дәрежесіне сәйкес белгіленеді;

3) егер зиян екі (бірнеше) тараптың да кінәсінен болса және тараптың әрқайсысының кінәсін анықтау мүмкін болмаса, жауапкершілік барлық тараптар арасында тең мөлшерде бөлінеді.

Егер тараптар зиянның келтірілуіне кінәлі болмаса, олардың бірде бірінің екінші тараптан зиянды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

Кінәсі дәлелденбейінше соқтығысу кезінде әуе кемелері зардап шеккен тараптағы бірде бірі кінәлі деп саналмайды.

Әуе тасымалы кезінде жолаушының қайтыс болуы немесе денсаулығына зақым келтірілуі салдарына туындаған зиян үшін, сондай-ақ әуе кемесінің бортындағы немесе тасымалдаушыға тапсырылған үшінші адамның мүлкіне келтірілген зиян үшін мүліктік жауапкершілік осы Заңның ережелері бойынша тасымалдаушыға жүктеледі, оның үстіне осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген жағдайларда, ол соның (солардың) кінәсінен келтірілген зиянға қатысты екінші тарапқа (тараптарға) қарсы талап (регресс) қоюға құқылы.

94-бап. Коммерциялық актілер жасау

Тасымалдаушылардың, жолаушылардың, жөнелтім жасаушылар мен алушылардың мүліктік жауапкершілігіне негіз болуы мүмкін жағдайлар коммерциялық актілермен куәландырылады. Коммерциялық акт жасау тәртібі мен коммерциялық акт жасауды талап етпейтін жағдайларды куәландыру тәртібі тасымал ережелерімен белгіленеді. V043276

Коммерциялық акт жүкті, теңдеме жүкті немесе поштаны тапсыру кезінде мынадай жағдайларды:

- 1) тасымалдау құжаттарында көрсетілген мәліметтерге жүктің немесе поштаның атауы, салмағы (массасы) немесе орын саны заттай сәйкес келмеген;
- 2) жүк бүлінген;
- 3) теңдеме жүк жетіспеген немесе бүлінген;
- 4) поштада жетіспеушілік болған немесе бүлінген;
- 5) жүктің, теңдеме жүктің немесе поштаның құжатсыз екені, сондай-ақ құжаттың жүксіз, теңдеме жүксіз немесе поштасыз екені анықталған жағдайларды куәландыру үшін жасалады.

95-бап. Азаматтық авиация қызметіне байланысты міндетті сақтандыру

Әуе кемелерінің, азаматтық авиацияның басқа да объектілері мен құрал-жабдықтарының меншік иелері және пайдаланушылары Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде белгіленген тәртіппен өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға міндетті.

Халықаралық авиажелілеріндегі сақтандыру Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 95-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.05.08. N 414 Заңымен.

14 тарау. Авиация қауіпсіздігі

96-бап. Авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын заңсыз араласу әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ететін заңдардың, ережелер мен рәсімдердің сақталуын бақылауды уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

Әуе кемелерін пайдаланушылар, әуе кемелерін қабылдауды, шығаруды немесе оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар және азаматтар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін авиация қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес оның қызметіне заңсыз араласудан авиацияны қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Авиацияның оның қызметіне заңсыз араласудан қорғау:

- 1) әуежайдың бақыланатын аймағына бөтен адамдар мен көліктің кіруіне жол бермеу арқылы;

2) бөтен адамдардың әуе кемелеріне кіріп кету мүмкіндігін болдырмайтындай аялдамалардағы әуе кемелерін күзету арқылы;

3) әуе көлігімен тасымалдауға тыйым салынған қарулардың, оқ-дәрілердің, жарылғыш, радиоактивті, уландырғыш, тез тұтанғыш және басқа қауіпті заттар мен нәрселердің заңсыз алып жүру мүмкіндігін болдырмау арқылы;

4) қарулар мен оқ-дәрілерді тасымалдау кезінде олардың әуе кемелеріндегі жолаушылардан оқшауланған бөліктеріндегі теңдеме жүкпен оқтары алынған күйде тасымалдануын қамтамасыз ететін айрықша сақтық шараларын енгізу арқылы;

5) ерекше жағдайларда әуе кемелерін арнайы толық тексеру арқылы;

6) әуе кемелерін ұшу кезінде экипаждың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін , сондай-ақ, әуе кемелерін заңға қайшы пайдалануға жол бермейтін техникалық құрылғылармен жабдықтау арқылы;

7) уәкілетті орган арнайы әзірленген авиация қызметіне заңсыз араласуға қарсы әрекет жасайтын шаралармен, сондай-ақ, авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тағы басқа шаралар қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Авиациялық қауіпсіздікті азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметтері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы өкілеттіктер берілген мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

Авиациялық қауіпсіздік қызметінің функцияларын шетелдік жеке және (немесе) заңды тұлғаларға, сондай-ақ шетел қатысатын ұйымдарға беруге тыйым салынады. қараңыз.V022011

Ескерту. 96-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.15. N 272, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

97-бап. Жолаушыларды, қол жүгін және теңдеме жүкті тексеру

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына, кеден органдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне және пайдаланушыларға қол жүгін, теңдеме жүкті, поштаны, борттық тағамды, әуе кемесінің экипажын тексеру және әуе кемелеріндегі жолаушылардың жеке бастарын тексеру құқығы беріледі.

Тексеруді осы мақсатқа арнайы тағайындалған адамдар әуежайда не әуе кемесінде жүргізеді.

Жолаушы тексеруден бас тартқан жағдайда тасымалдаушы ондай жолаушымен жасалған әуе тасымалы туралы шартты бұзуға құқылы.

Әуе кемесінде жүк тиелгеннен кейін барлық сыртқы есіктер жабылған сәттен бастап, жүкті түсіру үшін сол есіктердің кез келген біреуі ашылған сәтке дейін тексеру жолаушының келісуі-келіспеуіне қарамастан жүргізілуі мүмкін.

Тексеруді жүргізу ережесі мен тексеруге құқығы бар адамдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 97-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338 Заңымен.

98-бап. Тексерілуге жататын адамдар

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы Тізбе бойынша мемлекеттің лауазымды адамдарын, сондай-ақ дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдарды қоспағанда, әуе кемесімен тасымалданатын әрбір адам тексеруден өткізіледі.

99-бап. Авиация қызметін реттейтін нормалар мен ережелердің бұзылғаны үшін жауапкершілік

Авиация қызметін реттейтін нормалар мен ережелердің бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

15 тарау. Атрибутика, жалау, эмблема, жалауша

100-бап. Атрибутика, жалау, эмблема, жалауша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауының бейнесі Қазақстан Республикасының барлық әуе кемелерінде болады.

Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бар өзінің мөрі мен атрибутикасы болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының әрбір авиация ұйымының өз эмблемасы, жалаушасы мен өзге де атрибутикасы болуы мүмкін.

Ескерту. 100-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

101-бап. Осы Заңды жүзеге асыру жөніндегі шаралар және оның күшіне енгізу тәртібі туралы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін ;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әуе кемелерінің тізілімін жасайтын болсын;

Үкіметтің шешімдерін осы Заңға сәйкес келтірсін;

осы Заңды қолдану жөніндегі қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын.

2. Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 101-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК